

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгертудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 мамыр N 579

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" 1999 жылғы N 114 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 сәуірдегі N 114 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 сәуірдегі N 442 P990442_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары бюджеттеріне қажетті өзгерістердің , жергілікті өкілді және атқарушы органдардың кепілдік міндеттемелері бойынша берілетін соманың, сондай-ақ Еңбекшілдер, Зеренді және Щучинск аудандары және Көкшетау қаласы мемлекеттік мекемелерінің дебиторлық-кредиторлық берешегін беру шарттарының Келісу

актісі назарға алынсын.

2. "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334

P 9 8 1 3 3 4 _

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасында:

"IV. Шығыстар" бөлімінде:

15 функционалдық топтағы:

111 Ақмола облысының әкімі жолындағы "3 266 134" деген сан "4 031 718" деген санмен ауыстырылсын;

125 Солтүстік Қазақстан облысының әкімі жолындағы "3 815 267" деген сан "3 049 683" деген санмен ауыстырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК